

"немесе" деген сөз "және (немесе)" деген сөздермен ауыстырылсын;
бірінші бөліктің бірінші абзацында "немесе" деген сөз "және (немесе)" деген
с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші бөлік жаңа редакцияда жазылсын:

"Айырым белгілері, мемлекеттік әскерилендірілген ұйымдардың, құқық қорғау және (немесе) бақылаушы органдардың рәміздері бар нысанды киімді жеке детективтік немесе күзет қызметін жүзеге асыруға арнайы рұқсаты (лицензиясы) бар заңды немесе жеке тұлғаның осы қызметті жүзеге асыруға байланысты заңсыз пайдалануы немесе к и ю і -

жеке адамдарға айлық есептік көрсеткіштің бестен жетіге дейінгі, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға, - оннан он беске дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға, - жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады."

2. "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 19 қазандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 14-15, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 34-құжат; N 17, 155-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2007 ж., N 2, 18 - қ ұ ж а т) :

15-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Жеке күзетшілер, жеке күзет ұйымдарының, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың күзет бөлімшелерінің қызметкерлері күзет қызметін олардың күзет қызметі субъектілеріне тиесілігін көрсететін арнайы киімде жүзеге асырады. Арнайы киімнің үлгілері мен оны кию тәртібін Қазақстан Республикасының аумағында күзет қызметін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді."

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Президенті